



## 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер тарифін бекіту туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 741 қаулысы

"Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тариф осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай ауданының әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

О. Нурғалиев

Қостанай ауданы әкімдігінің  
2025 жылғы "\_\_\_" желтоқсандағы  
№ \_\_\_ қаулысына  
қосымша

Қостанай ауданы әкімдігінің  
2025 жылғы "\_\_\_" желтоқсандағы  
№ \_\_\_ қаулысымен  
бекітілді

## 2026 жылға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифі

--	--	--	--	--

№	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымның атауы	Қызмет түрі	Айына 1 қызмет алушыға арналған тариф (теңгемен)	Күніне 1 қызмет алушыға арналған тариф (теңгемен)
1	"Қостанай ауданы әкімдігінің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Үйде	56280,58	2558,20

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК